

Тұлғаның акмеологиялық мәдениетін қалыптастыру

Жоспары:

- 1. Акмеологиялық мәдениет ұғымы**
- 2. Акмеологиялық мәдениетті дамыту**

“Акмеологиялық мәдениет”



□ Тұлғалық жаңа құрылым, ол адамның тұтастық ретінде қалыптасуын негіздейді, оның өзін-өзі жүзеге асыруының нәтижелігі, акмеге жетуінің дара траекториясының оңтайлылығын жүзеге асырудың сатысы ретінде болады.


□ “Акмеологиялық мәдениет” ұғымының проблемалық бірыңғай өрісіне **“акме”, “өзін-өзі жүзеге асыру”, “адамның тұтастығы”, “өзін-өзі дамыту”, “мәдениет”** категориялары енеді




Акмеологиялық мәдениет –
тұлғалық жаңа құрылым ретінде,
индивидтің, тұлғаның, субъектінің және
даралықтың сапаларын ашуға мүмкіндік
береді, олардың бірігуі өмір сүру әрекеті
үдерісінде адамның тиімді өзін-өзі
дамытуын негіздейді.




Акмеологиялық мәдениет құрылымы



Креативті компонентті іс-әрекет ретіндегі шығармашылық құрайды, ол өмір сүру әрекетінің акме-бағдарлануын, шығармашылықтың тиімділігін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа ретіндегі креативтілікті негіздейді.




Құндылықты компонентті жоғары тұлғалық идеалдар, құндылықтар және құндылық бағдарларды құрайды.




Ментальды компонентті акмеологиялық ментальдық және акмеологиялық менталитет құрайды, олар өзін-өзі дамытуға бағдарланған адамның саналы ұғынылған мінез-құлқын анықтайды.

Акмеологиялық мәдениеттің жоғары деңгейі, адамға өзін-өзі дамыту үдерісін өмірлік құндылық ретінде мағыналауға, өмір-сүру әрекетінің барысында өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасауға, өзінің даралығын тануға, өзектілеуге, шығармашылықпен көрсетуге мүмкіндік береді.

Акмеологиялық мәдениетті тұлғалық сапа ретінде дамыту, тұлғаның жаңа өмірлік таңдауларына, акмеге жету және өзін-өзі жүзеге асыруға жаңа қадамдар жасауға мүмкіндіктер туындатады.






Акмеологиялық мәдениетті дамыту тиімділігінің акмеологиялық факторларының үш түрі анықталған:

Объективті, олар тұлғаның өмір-сүру әрекетінің шынайы жүйесімен және акмеге жету мен өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған әрекеттердің бірізділігімен байланысты.


Субъективті, олар адамның индивид, тұлға, субъект ретіндегі ерекшеліктерінің дамуымен байланысты болады; олардың көріну шамасы акмеологиялық мәдениеттің артуына ықпал ететін себеп ретінде болады.

Объективті-субъективті, олар біртұтас өзін-өзі дамыту кеңістігімен және акмеологиялық мәдениетті дамыту ортасын ұйымдастырумен байланысты.

Студенттердің акмеологиялық мәдениетін дамытудың екі мақсаты болуы керек: Біріншіден, тұлғаның құндылықты-мағыналық саласын дамыту және қайта құрылымдау. Осы міндеттерді шешу, студенттің тұлғалық құрылымында, өзін-өзі дамыту құндылығының жетекші орнын қамтиды.



Екіншіден, өмірдің әртүрлі салаларында акмеге жету мен өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған, өзіндік қайта құрушы іс-әрекетті белсендіру. Бұл міндетті шешуде, студенттің акмебағдарланған өзіндік өзгерістерді қамтамасыз ететін психотехнологияларды меңгеруі қажет.



Акмеологиялық мәдениет тұлғалық мәдениеттің үш түрінің: рухани, психологиялық және адамгершілік мәдениеттің өзара әрекеттестігінде туындайтын нәтиже беруші үйлесімділік болып саналады. Акмеологиялық мәдениеттің қызметтері айқындалған: біріктіруші, координациялық, жобалаушы және реттеуші және реттеуші.

Сонымен, акмеологиялық мәдениеттің жоғары даму деңгейі.

Өзін-өзі дамыту үдерісін өмірлік құндылық ретінде саналы мағыналауға мүмкіндік береді, сонымен бірге адамның өзіндік “Менін” өмір сүру барысында өзін-өзі жетілдіру мен өзін-өзі жүзеге асырудың жағдайларын құру арқылы тануға, өзектілеуге, шығармашылықпен көрсетуге мүмкіндік береді.